Кіріспе: Адам саудасы мәселесі адамзат пайда болғалы бері келе жатыр және халықаралық қауымдастықтар бұл қылмысты жеке тұлғаға қарсы ең күрделі қылмыстардың қатарына әлдеқашан қосып үлгерген. Бұл келеңсіз құбылыспен күрес әр түрлі тәсілдермен жүргізілуде, алайда бұның біреуіне қарамастан адам саудасы әлі өмір сүріп келеді. Аталмыш құбылыстың деңгейі есірткі мен қару сатудың деңгейімен пара-пар.

Адам саудасы – әрбір адамның заңмен бекітілген жеке құқығын ескерместен, оларға зорлық-зомбылық көрсету, азапты, ауыр жұмыстарға еріктен тыс салу, адамдық бостандығын аяққа таптау арқылы белгілі бір топтардың, тұлғалардың, яғни оңай табыс табу жолын көздеу арқылы адамдарды пайда табудың көзіне айналдыруы сипатындағы жағымсыз құбылыс.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері: Адам саудасы қылмыстарына қарсы күрес мәселелерін қазақстандық және халықаралық дәрежеде талдау, адам саудасы қылмыстарының қылмыстық-құқықтық реттелуін теориялық тұрғыда қарастыру, олармен күрес жолдарын ұсыну. Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- адам саудасы түсінігін ашу, сипаттама беру;
- адам саудасы қылмыстарын жіктеу;
- адам саудасы қылмыстарының қылмыстық-құқықтық реттелуін сипаттау;
- адам саудасы қылмыстарымен күрес бойынша халықаралық ынтымақтастық.
- қылмыстық құқықтағы адамға қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымы мен белгілеріне талдау жасау;
- адам саудасы бойынша жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тағайындалатын жауаптылықтың ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу;

Қазіргі кезеңде «адам саудасы» деген көрініс ғаламдық ақпарат алмасу және әлемдік еңбек қорларын қолдану сияқты нақты фактілерді білдіреді. Бұл құбылыстарды адам құқықтарының әмбебап стандарттарының жоғарғы деңгейі, оларды қорғау тетіктерінің эволюциясы және заманауи құқықтық сананың тоқтата алмауы ақылға қонбайтын сияқты. Әлеуметтану және құқықтану саласының зерттеушілері мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне және халықаралық қауымдастықтың тұрақтылығына қауіп төндіретін жеке тұлғаның еріксіз ахуалымен байланысты ұғымдарға жиі көңіл бөледі. Адам саудасының трансұлттық құрамдас бөлігі әртүрлі бағыттардан жасалған және экономикасы мықты да, нашар да дамыған елдердің территориясынан өтеді. ХЕҰ сарапшылары адам саудасы «шындығында ғаламдық мәселе болып табылады, және әлемнің көп елдері – олар не жеткізуші, не алушы, не транзит орны, немесе осылардың бәрі бір мезетте» деп санайды. Мәжбүрлі еңбек пен қызметті қолданудың қаржылай басымдылығы БҰҰ жарғысымен жарияланған – тілі мен діні, жынысы, нәсіліне қарамастан барлығына адам еркіндігі мен құқықтарын құрметтеу және сақтау негіз болатын қағиданың бірімен қарсы әрекетте болып табылуы.

Халықаралық құқықтық нормалар адамды қанаудың кез келген нысандарына тыйым салатынын атап өткен жөн. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 4-бабында көрсетеді: «Ешкім де құлдықта немесе кіріптарлықта ұсталуы тиіс емес; құлдық пен құл саудасына, қандай түрде болса да, тыйым салынады». [1, 65б.] Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 8-бабында ешкім де кіріптарлықта ұсталуы тиіс емес (2-т.) және ықтиярсыз немесе міндетті еңбекке мәжбүрленуі тиіс емес (3(а)-т.) екені айтылған. [2, 23б.] Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні айтатын болсақ, мұнда құлдыққа немесе кіріптарлық күйіне тыйым салыну жанама түрде әр адамның «өз еркімен тандап алған немесе өз еркімен келіскен» еңбегімен күнкөріс жасау мүмкіндігін жариялаған 6-баптың 1-тармағында бекітілген. [3, 58б.]

Тарихы: Адам саудасымен күрестің тарихы тереңде жатыр, оның ішінде мемлекет іші

деңгейіндегі адам саудасымен күрес XVIII ғасырдан бастау алады. Алғаш 1789 жылы Францияда адам және азаматтың құқықтары декларациясы қабылданған. [4, 456.] Аталған декларация бостандық, меншік құқығы, қауіпсіздік, қанауға қарсы тұру секілді адамның табиғи және ажырамас құқықтарын қамтамасыз ету мемлекеттің ең басты басымдығы болуға тиіс екенін бекітті.

Халықаралық құқықта адам саудасымен күрес мәселесі 1919 жылы Версаль бейбітшілік келісімі негізінде құрылған Халықаралық еңбекті ұйымдастыру ұйымының пайда болуымен арта бастады. Кейінірек, 1946 жылы бұл қозғалыс БҰҰ жүйесінің мамандандырылған мекемесіне айналды.

Халықаралық еңбекті ұйымдастыру қозғалысының қызметі алғашында құлдықты, адам саудасын және оған ұқсас қатынастарды бірлесіп жоюға бағытталған болатын. Оның ішінде ХЕҰ-ның 1930 жылы қабылданған № 29 мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы Конвенциясы аталған еңбек түрлерінің барлық нысанын қысқа уақыттың ішінде жоюға негізделген. Конвенция бойынша «Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек» термині «қандай да бір тұлғаның өз еркімен қызмет көрсеткісі келмеуі, қандай да бір жазалау қауіпімен қорқыту арқылы кез-келген жұмыс немесе қызмет көрсету» деген ұғымды білдірді (Конвенцияның 2-бабы, 1- бөлімі). Тек әскери сипаттағы қызмет және жұмыс; қарапайым азаматтық міндеттер; немесе өзіне қатысты шығарылған сот шешімі негізінде талап етілетін жұмыс; төтенше жағдайлардағы жасалатын жұмыс; және де ұсақ қоғамдық жұмыстар бұл анықтамаға жатпады. (2-бап. 2-бөлік).

Басқа да халықаралық сипаттағы маңызды актілерге 1925 жылдың 25-ші қыркүйегінде қол қойылған құлдыққа қатысты Женева Конвенциясын, Еуропа Кеңесінің адам саудасымен күрес туралы 1925 жылғы Конвенциясын, 1953 жылы қабылданған адам саудасы және үшінші тұлғалармен жезөкшілікпен айналысуға қанауға қарсы Конвенция және тағы да басқаларын жатқызуға болады.

Г. Загорский, М. Кауфман, Т.Ф. Моисеев, М. Радутнаялардың пікірі бойынша Ресейдегі адам саудасымен күрес саласындағы заңнаманың қалыптасуын бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады. [5, 36 б.]

Бірінші кезеңде (X ғ – XIX ғ ортасы.) адам саудасы заңдастырылған болатын. Тек заңсыз адам саудасы мен лауазымын пайдаланып құлға айналдыру және азат адамды құлдыққа сату үшін ғана жауаптылық қарастырылған.

Екінші кезеңде (XIX ғ ортасы – 2003 ж.) ресейлік заңнамаға құлдыққа сату, адам саудасы, оның ішінде бала саудасы үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін нормалар ене бастады.

Адам саудасы үшін жауаптылықты бекітетін жалпыға ортақ норма Ұлы Петр кезіндегі заңнамада пайда болды. Кешіректеу - 1845 жылғы қылмыстық және түзету жазалары Жинағы ішінде және 1903 жылғы Қылмыстық Жинақ құрамында адам саудасы қылмысының құрамы тұжырымдалған болатын, оның объективті және субъективті жағы анықталған еді. Адам саудасы жөніндегі заңнаманың қалыптасу жолындағы маңызды кез деп 1861 жылғы крепостнойлық құқықтан бас тартуды айта аламыз. Сол кезден бастап ресейлік заңнама толығымен құлдықтың, құл саудасының және солармен ұқсас институттар мен әдет-ғұрыптардың заңдылық элементтерінен «тазарды».

Кеңестік заңнамада адам саудасы туралы норманың жоқ болуы елде бұл құбылыстың болғанын ресми түрде жоққа шығарумен тікелей байланысты. Тек 1995 жылы ған жаңа Ресейде кәмілеттік жасқа толмағандарды саудалағаны үшін арнайы норма енгізілген болатын, ол 2003 жылы жалпыға ортақ адам саудасы үшін жауаптылықты туындататын нормамен ауыстырылады. Айтып кететіні, адам саудасы туралы ресейлік заңнаманың дамуы алдымен КСРО кезіндегі, содан кейін Ресей Федерациясының адам саудасы және оған ұқсас іс-әрекеттер жайындағы жауаптылықты көздейтін халықаралық құжаттарды ратификациялауымен қатар жүрді.

РФ Қылмыстық кодексіне 127.1 бапты енгізу адам саудасы үшін жауаптылық институтының дамуы үрдісінде маңызды кезең болып табылды. Көпжылдық заңшығару қызметінің тәжірибесі, қылмыстық құқық ғылымының жетістіктері және Халықаралық қауымдастықтың тәжірибесі осы бапта көрініс тапты. [6, 106.]

Зерттеудің методологиялық негізі. Жұмыста ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері қолданылған: тарихи, диалектикалық, жүйелі-құрылым-дық, салыстырмалы-құқықтық т.б. Аталған әдістер зерттеліп отырған тақырып төңірегінде, кең пайдаланылған объективтілік, көпжақтылық, тарихилық пен нақтылық қағидасы талаптарымен қатар қолданылған.

Адамзат қауымы адам саудасы мәселесін ұзақ уақыт көлемінде шешуге тырысты, дегенмен бұл бағыттағы іс-шаралардың басым бөлігі XIX ғасырдан бастап атқарыла бастады, өйткені құлдыққа тыйым салу жөніндегі сұрақ халықаралық қарым-қатынастағы ең өзекті мәселеге айналған болатын.

Құл саудасына жол бермеушілікті ең алғаш бүкіл әлем деңгейінде 1815 жылдың 27 қаңтарында Вена конгресінде қабылданған арнайы декларация бекітті. Конгрестің қатысушы-мемлекеттері бұндай сауданың тез арада жойылуға тиіс екенін жариялады, бірақ бұл мақсатқа жетудің жолдарын көрсеткен жоқ.

Осы бағыттағы келесі қадам болып 1818 жылғы Аехан конгресі табылды, онда Африкадан әкелінетін құл саудасына тыйым салынып қана қоймай, қылмыс ретінде танылатын болды. 1822 жылғы Верон конгресінде негрлерді саудалаудан бас тартуға қатысты Қаулы қабылданды. [7, 1526.] Алайда бұл конгресстердің шешімі қатысушы-мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында көрініс таппады, тек декларация ретінде қалып қоя берді. Адам саудасы қылмысымен күрестің тәжірибелік іс-шаралары 1841 жылы 20 желтоқсанда Англия, Франция, Ресей, Австрия және Пруссия арасында қол қойылған Лондондық келісім нәтижесінде келді. [8, 60-61б.] Аталған келісімге сәйкес Америкаға негр-құлдарды тасымалдауға тыйым салынды және адам саудасы қарақшылыққа теңестірілді, ол кезде қарақшылық қылмыстық жазаланатын. Аталған мемлекеттердің әскери кемелеріне құл тасымалдауымен күдік туғызған кез-келген су көлігін тоқтатып тексеруге құқық берілді. [9, 576.]

1885 жылы Берлин конференциясында 16 мемлекет Конго жайында Бас актіге қол қойды. Бұл акт Конгоны құл тасымалдаудың транзиттік жолы және еріксіздердің нарығы ретінде пайдаланылуына қосымша тыйым салынды және құлдық және құл саудасына халықаралық-құқықтық шектеу қойды.

1899 жылы Лондонда әйелдерді жезөкшелік мақсатында саудалаумен күрес бойынша Халықаралық конгресс өткізілді. Конференция аталған қылмыстармен күрес жүргізу үшін көпжақты келісімдерге отыруға, бірлесе отырып жұмыс істейтін жезөкшелікке қарсы ұлттық комитеттер құруға шақырды және әйелдер саудасының жан түршігерлік деректері жайлы сөз қозғады. Бұндай комитеттер көптеген елдерде құрыла бастады, оның ішінде 1900 жылы Ресейде де құрылды. Ол ұйым «Әйелдерді қорғаудың Ресейлік қоғамы» деп аталған болатын. Оның мақсаттарына «әйелдерді жезөкшелікпен айналысудан қорғау және оның құрбандарын бұрынғы өмірлеріне қайтару; жезөкшеліктің зияны және адамгершілік туралы түсініктерді тарату; Магдалина деп аталатын баспаналар жасақтау кірді». [10, 49б.]

Келесі маңызды халықаралық акт – 1890 жылы Брюссель конференциясында қабылданған Бас акті. Аталған Конференцияға қатысып отырған мемлекеттерге құл саудасына қарсы күрестің тәжірибелік іс-шараларын қабылдау міндет етілген болатын. Бұл келісімге қатысушы-мемлекеттер өз еркі жоқ адамдарды күштеп басып алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты заңнамаларына енгізу жөнінде және құл саудасына жол бермеуге бағытталған іс-шараларды (құлдарды тасымалдау жүзеге асырылатын жолдарды бөгеу үшін арнайы әскери постылар құру, постылардың жұмыс тәртібін бекіту) атқару жөніндегі міндетті өз мойындарына алды.

1910 жылы «ақ күндердің саудасына» қарсы Халықаралық конвенция қабылданды. Бұл құжатты ратификациялаған 13 ел «жеңгетайлықты» жүзеге асырушыларды қылмыстық жазалау жөнінде міндеттенді. Аталмыш келісім Ұлттар Лигасының қызметінің шегінде қабылданған болатын. Оны құрастырушылар адам саудасы мәселесіне қатты көңіл бөлгені соншалықты, Ұлттар Лигасының мандатына «әйелдер және балалар саудасына қатысты келісімдердің орындалуын қамтамасыз етудің жалпы бақылауын» жүргізудің қажеттілігі жөнінде ереже енгізілген болатын.

Айта кететін бір жайт, жоғарыда қарастырылған халықаралық-құқықтық актілер құл саудасын толықтай жоюды емес, оған құр қарсы тұруды көздеген еді. Тек 1919 жылғы Сен-Жермен келісімі ғана қол қоюшы тараптарға құлдық пен құл саудасын толықтай жою үшін барлық күштерін жұмсауын талап еткен болатын. Адам саудасымен күрестегі келесі түбегейлі маңызды оқиға болып 1926 жылдың 25 қыркүйегінде Ұлттар Лигасының бастамасымен 38 мемлекет қол қойған Құлдық туралы Конвенция табылады (оның мүшесі Кеңес Одағы да болған еді). Бұл Конвенция адам саудасымен күреске бағытталған жаңа заманғы халықаралық құқықтың нормаларының жүйесін қалыптастырудың іргетасын қалаған болатын.

Тараптар біртіндеп және мүмкіндігінше қысқа уақыт ішінде құлдықты барлық нысанымен толықтай жою міндетін өздеріне алды, сонымен қатар аталған іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін заңнама қабылдау, құлдықты жою үшін ортақтасып жұмыс істеу жөніндегі келісімдерге қол жеткізілді. Конвенция ең негізгі мақсаттардың бірі ретінде қатысушы-мемлекеттерге құлдық пен құл саудасының алдын-алу мен жою жайындағы нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуін бекітті және аталған заң ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық пен «қатал» жаза енгізуді міндеттеді. [12, 504-507б.]

1926 жылғы Құлдық туралы Конвенцияның қабылдануы халықаралық қауымдастықтың құлдық пен құл саудасының алдын-алу мен күресіне бағытталған құжаттарын жүйелендіру мақсатындағы алғашқы қадамдарының бірі болған еді. 1926 жылғы Құлдық туралы Конвенцияның талаптарына сәйкес, 1932 жылғы Ұлттар Лигасының резолюциясының негізінде және 1934 жылғы Лига Кеңесінің резолюциясына сай құлдықпен күрес бойынша сарапшылардың кеңесші комитеті құрылды. Алайда Е.С. Пчелинцевтің пікірі бойынша, «аталған облыстағы Ұлттар Лигасының іс-шаралары тәжірибелік жағынан жүзеге асу кезеңіне жетсе де, олар жергілікті сипатта ғана болатын және нақты қандай да бір саяси мақсаттарды көздеген» [13, 182б.]. Осылайша, 1926 жылғы Құлдық туралы Конвенция іс жүзінде құлдықты жойған жоқ, тек адамзат үшін бұл кеселді құбылысты жою жөніндегі мемлекеттердің ниетін ғана білдірген болатын

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отаршылдық жүйеге күйреуге ұшырады. Қарастырылып отырған қылмыстармен күрес БҰҰ шегінде жүргізіле бастады. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылдың 10 желтоқсанында Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын қабылдады, оның 4- бабында «ешкім құлдықта немесе еріктен тыс жағдайда болмауға тиіс»; құлдық және құл саудасының барлық нысанына тыйым салынады» делінген. Алайда бұдан кейін де адам құқықтары бойынша Халықаралық конференцияның арнайы комиссиясының толық емес деректеріне сәйкес, сол кездің өзінде 9 миллиондай құл тіркеуде болған.

1949 жылы 2 желтоқсанда қабылданған Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы Нью-Йорк Конвенциясы адам саудасымен күрестегі маңызды қадам болып табылады. Аталған құжат осы мәселе саласында осыған дейін қабылданған барлық халықаралық келісімдердің орнын басты. (1-4 б).

1949 жылғы Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы Конвенция қатысушы мемлекеттердің алдына тұлғаның абыройы мен жоғары құндылығымен сыйыспайтыны ретінде жезөкшелік пен онымен ілесе жүретін адам саудасымен күресу мақсаттарын қояды.

1949 жылғы Конвенцияның күмәнсіз прогрессивті қадамдардың бірі болып табылды. Онымен бірге, оны ратификациялаған сәттен бастап, қазіргі уақытқа дейін Конвенция аргументтелген сындарға тап болып келе жатыр, оның есепке алынбай қалған, ескірген тәсілдері қазіргі таңда тиімді халықаралық құқықтық институт ретінде қызмет ете алмайды. Аталған Конвенцияны тек 72 мемлекеттің қана ратификациялауы оның бірқатар ережелеріне күмән тудырады, себебі олар бүгінгі күннің шындығына, батыс елдерінің көбісінің заңнамаларына қарама-қайшылық тудырады. Салыстыру үшін 169 ел қол қойған әйелдерді кемсідудің барлық нысанын жою туралы Конвенцияны атауға болады.

1956 жылы ХЕҰ Құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен әдет-ғұрыптарды жою туралы қосымша Конвенцияны қабылдауға бастама көрсетті. Сол жылы 7 қыркүйекте БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің № 608 резолюциясы негізінде шақырылған 43 мемлекет қатысқан Женева конференциясы құлдық, құл саудасы, құлдыққа ұқсас институттар мен дәстүрлерді жою жөніндегі Қосымша Конвенциясыны қабылдады, бұл құжат 1926 жылғы Құлдық туралы Конвенцияның ережелерін жетілдерген болатын. Конвенцияның басты назары құлдыққа ұқсас институттар мен дәстүрлерге аударылған еді.

1956 жылғы Қосымша Конвенцияның 3-бабында құлдарды бір елден екінші елге кез-келген көлік түрімен тасымалдау немесе тасымалдауға оқталу, сонымен қатар осы қылмыстарға қатысқаны үшін қылмыстық жауаптылық бекітілді.

Нәтижелігі: Жоғарыда көрсетілген жағдайды ескере отырып, осы зерттеу жұмысының негізгі идеясы адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылықтарының қазіргі кезеңдегі құқықтық реттелуін, онымен күрес жүргізудің халықаралық-құқықтық мәселелерін ашып көрсету алдын алу болып табылады.

Пікірлік талқылаулар: И.Н. Лебединецтің пікірі бойынша бұл құжат 1926 жылғы Құлдық туралы Конвенцияның ережелерін жетілдерген болатын, алайда бұл халықаралық келісімде де қысқа уақыт ішінде құлдықты толығымен жою жөніндегі норма болмаған еді. Конвенция мұндай институттар санына қарыздық кіріптарлықты, басыбайлы жағдайын және әйелдер мен балаларды сый ақы үшін беруге байланысты дәстүрлерді («отбасылық» құлдық деп аталатын) жатқызады. Конвенцияға қатысушылар олардың туларын заңды пайдаланатын кемелер мен ұшатын аппараттардың құлдарды

тасымалдауына бөгет жасауға міндеттеледі. Қатысушы мемлекеттердің порттары, аэродромдары мен жағалаулары құлдарды тасу үшін пайдаланбауы керек (3-баптың 2-тармағы). 1956 жылғы Конвенцияның 6-бабының 1-тармағы құлдыққа қатысты қылмыстық әрекеттер құрамының тізіміне «өзге адамды құлға айналдыру немесе басқа адамды немесе басқа адамнан тәуелді адамды құлдыққа беруге көндіру немесе мұндай әрекеттерді жасауға ұмтылу, немесе оған бірге қатысуды» қосады.

Қатысушы елдерден осы құрамдарды ұлттық қылмыстық заңнамаға инкорпорациялауды және кінәлі адамдарды жазалауын жүзеге асыруды талап етеді. XX ғасырдың 20-50-шы жылдары қабылданған және құлдық пен мәжбүрлі еңбекке қарсы күреске бағытталған халықаралық-құқықтық шарттардың басты басымдылығы ретінде келесілерді санауға болады: адам саудасы процесін сүйемелдейтін қылмыстардың құрамы мен құқықтық анықтамасы белгіленген; халықаралық-құқықтық нормаларды қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына енгізу жүйесі ішінара қарастырылған; қатысушы елдердің осы істермен күресте, және әсіресе адамдарды заңсыз әкелу мен ұстауды ескертуде ақпаратпен алмасу және ынтымақтасу тетігі ұсынылған. 1998 жылы қабылданған.

Халықаралық қылмыстық соттың Римдік статуты (ХҚС) құлдыққа салуды, сексуалдық құлдыққа және жезөкшелікке мәжбүрлеуді адамзатқа қарсы қылмыс ретінде анықтайды (7-баптың 1 с) және g) тармақтары). «Құлдыққа салу» термині «кез келген немесе тұлғаға қатысты меншік құқығына байланысты барлық заңдылықты жүзеге асыру, адам және әсіресе әйелдер мен балалардың саудасы кезінде осындай өзіне заңдылықты қамтиды (7-баптың 2 с) тармағы». Құлдық ахуалы немесе адамның еріксіз жағдайы келесі белгілермен анықталады: адамның жеке тұлға негізіне салынған табиғи, бастапқы құқықтары мен бостандығын кеміту; адамның бостандығына шек қою және жүріс-тұрысын заңсыз бақылау, соның ішінде тікелей зорлықты және оның жанама әдісін де қолдану (қауіп-қатерлер, бопсалау, қорқыту); адамның еңбек қызметіне тиісті өтемақы төлеуден бас тарту және оның келісімінсіз ауыр және қауіпті жұмысқа оны еріксіз көндіру; адамды белгілі бір жабық жерде ұстау, оны күштеп орнын ауыстыруы және оған зорлап берген істің түрін мәжбүрмен орындау; адамдардың жеке топтарының қорғалмаған жағдайын пайдалану (соғыс кезіндегі соғысқа қатысы жоқ жергілікті халық, отбасы дәстүріне тәуелді әйелдер, кәмелет жасқа толмаған балалар).

Мамандардың бағалауы бойынша жыл сайын тек еуропалық елдерге адам саудасынан зардап шегуші ретінде 200 мыңнан 500 мыңға дейін адамдар жіберіледі. Жыл сайын 700 мыңға жуық адам сауда нысаны жағдайына ұшырайды және елдердің шекарасы арқылы орын ауыстырады. Адам саудасының қазіргі нысандары келесі факторларға негізделеді: иммиграцияның басым құрамдас бөлігі оның заңсыз бөлігінде көрсетілген, одан құқықтық алаңнан тыс қолданылатын адамдар контингенті қалыптасады; бүгінгі күні еңбек көші-қоны жұмыс берушіге көбінесе жұмыспен қамтудың кез келген шартына дайын жалдамалы жұмысшылардың кең түріне ие және ұсынады; азаматтық қоғамда ең осал санаттар отбасылық ортаға, дәстүр мен әдет-ғұрыпқа тәуелді әйелдер, балалар мен жасөспірімдер болып табылуда.

Қорытынды: 2010 жылғы 30 шілдеде БҰҰ Бас Ассамблеясы БҰҰ-ның адам саудасына қарсы күрестің Ғаламдық жоспарын қабылдады, ол төрт аспектіні қамтиды:

1. Адам саудасының алдын алу (теңсіздіктің экономикалық, саяси, мәдени факторларын жою; осы мәселені зерттеу; ақпараттық-түсіндіру науқандарын көбейту; мүше елдермен ынтымақтасу арқылы және т.с.с.);

2. Адам саудасының құрбандарын қорғау және оларға көмек көрсету (қылмыскерлердің қылмыстық жауапкершілігі; адам саудасынан зардап шегушілерге көмек көрсету алгоритмі; адам саудасынан зардап шеккендер үшін БҰҰ ерікті жарналарының мақсатты қорын құру және т.с.с.);

3. Адам саудасы түріндегі қылмысты қудалау (адам саудасының болжамды жағдайларын тергеуді күшейту; мемлекеттің құқықтық, көші-қон, шекаралық және басқа сәйкес органдарының ақпарат алмасу арқылы бір-бірімен ынтымақтасуға қозғау салу және т.с.с.);

4. Адам саудасымен күрес ісінде серіктестік ынтымақтастықты нығайту (адам саудасымен күрес ісінде халықаралық, аймақтық және субаймақтық ынтымақтастықты күшейту; адам саудасымен күрес жөніндегі Мекемеаралық үйлестіру тобын нығайту). ЕҚЫҰ және Халықаралық көші-қон ұйымын қоса алғандағы әртүрлі халықаралық ұйымдар адам саудасымен күрес мәселесімен белсенді айналысатынын көрсеткен жөн. Мысалы, 2003 жылы ЕҚЫҰ Министрлер кеңесі ЕҚЫҰ-ның адам саудасымен күрес бойынша әрекет ету жоспарын бекітті және ЕҚЫҰ аясында осы жамандыққа

қарсы әрекет тетігін құрды. Адам саудасына қарсы әрекет ету мәселесі бойынша ЕҚЫҰ-ның арнайы өкілі мен үйлестірушісінің бюросы жұмыс істейді.

Өз кезегінде Халықаралық көші-қон жөніндегі ұйым әлем елдерінің үкіметтеріне адам саудасымен күреске, адам саудасын тоқтатуға бағытталған әртүрлі бағдарламаларды орындау, адам саудасынан зардап шеккендерге көмек көрсету және қорғау, сонымен қатар адам сатушыларды қудалау арқылы қолдау көрсетеді. Көтеріліп отырған адам саудасы мәселесі барлық елдерде, соның ішінде Еуропалық одақтың елдерінде байыпты мазасыздықты тудырады. Зардап шегушіні ескерту, қорғау, қолдау және саудашыларды қудалау мақсатында 2012 жылы Еуропалық комиссия 2012-2016 жылдарға арналған адам саудасын жою жөніндегі Еуропалық Одақтың стратегиясын қабылдады. Еуропалық Одақтың заңына сәйкес адам саудасы адамды сексуалдық немесе еңбекке қанау мақсатында жасалған қылмысты ғана қоспайды, оның негізгі құқықтарын бұзу да кіреді. Еуроодақтың ықпал негізінде үш ұстаным жатыр: адам саудасының алдын алу; қылмыскерлерден зардап шегушіледі қорғау; адам саудалаушыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту.

Балаларды қанаудан қорғаудың халықаралық-құқықтық ұстанымдары Балаларды адам саудасынан қорғау туралы мәселе аса маңыздылыққа ие болып отыр, ол көбінесе қамқорлық тақырыбы және бір уақытта олардың жасына, дербессіздігіне, қорғансыздығына байланысты мәжбүрлеу нысаны ретінде қабылданады. БҰҰ мәліметтері бойынша жыл сайын өз елінен әкетілетін және құлдыққа сатылатын әйелдер мен балалардың әлем бойынша саны 1 млн.-ға жуық. Сарапшылар балалар саудасы ұйымдасқан балалар жезөкшелігі және порнография өндірісі, өндіріс пен қызмет көрсету саласындағы балалар еңбегі және үй құлдығы, балаларды қайыршылық және мүшелер мен тіндерді алу мақсатында қолдану, балаларды заңсыз асырап алу сияқты нысандарда айқындалады деп санайды. Балаларды қорғау бастапқыда әмбебап халықаралық келісімдерде қарастырылған.

1999 жылы қабылданған Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы ХЕҰ №182 Конвенциясы (ҚР оған 2002 ж. қосылды) мыналарды: құлдықтың барлық түрлерін немесе мысалы, балаларды сату және оларды саудалау, қарыз кіріптарлығы мен басыбайлы тәуелділік, сондай-ақ мәжбүрлі немесе міндетті еңбек, оның ішінде балаларды қарулы қақтығыстарда пайдалану үшін оларды мәжбүрлі немесе міндетті жалдау сияқты құлдыққа ұқсас практиканы; баланы жезөкшелікпен айналысу үшін, порнографиялық өнім өндіру үшін немесе порнографиялық қойылымдар үшін пайдалануды, азғырып-көндіруді немесе ұсынуды; белгілі бір халықаралық келісімдерде белгіленгендей, баланы заңсыз қызметпен айналысу үшін қолдануды, азғырып-көндіруді немесе ұсынуды (есірткі заттарды өндіру және сату үшін); өзінің орындалу жағдайы немесе сипаты жағынан балалардың денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе адамгершілігіне зиян келтіруі мүмкін қызметті жатқызады (3-бап). ТМД елдерінің аумағында сексуалдық құлдыққа тартылған балалардың көп пайызын бастапқыда өзінің ата-аналары немесе жақын туыстары отбасындағы материалдық өтемақыға сатылғандар құрайды. Бұл туралы ХЕҰ зерттеулерінде «Қазіргі Ресейдегі еріксіз еңбек: реттелмейтін көші-қон мен адам саудасы» келтірілген осындай сауда-саттықтың зардап шегушілерімен сұхбаттың қорытындысы айтады.

2005 жылғы Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы Еуропа Кеңесі Конвенциясының 2-бабының 2-тармағы қатысушы мемлекеттер егер сөз бала туралы болса, кез келген түрде зардап шегушінің жеке басын ашуды немесе оны теңдестіретін мағлұматтарды жариялауды болдырмау үшін шара қолдануды нұсқайды. Ерекшелік оның отбасын табу үшін немесе осындай әдіспен оның қорғауы мен әл-ауқаты қамтамасыз етілетін жағдайлар құрайды.

Әйелдерді адам саудасынан және кемсітуден қорғаудың халықаралық-құқықтық кепілдіктері 1979 жылғы Әйелдерді кемсітудің барлық нысандарын жою туралы Конвенциясы (Қазақстан оны 1998 жылы ратификациялаған) «әйелдерге қатысты кемсіту» терминінің мағынасын анықтайды. Онда «әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез-келген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асыруын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа 50 шығаратын жыныс белгісі бойынша кез-келген айырмашылық, қоспай қою немесе шектеу» (1-бап) бекітілген. Бұл оның мазмұны құрылатын Конвенцияның негізгі нормасы.

Конвенциядағы нормалар құрылымы тәртібінен өзгешелікті 6-бап құрайды, қатысушы

мемлекеттерге «әйелдер саудасы мен жезөкшелікті пайдаланудың барлық түрін жою үшін, заңнамалық түрді қоса отырып, барлық тиісті шараларды» қабылдауға міндеттейді. БҰҰ Адам саудасына қарсы хаттамасы (ҚР оған 2008 жылдан бері қатысады) «шыққан, тасымалданған және жеткен елдерде адам саудасымен күреске тегіс қамти алатын халықаралық тәсілді» құру мақсатында қабылданған. Хаттаманың негізгі мақсаттары «әйелдер мен балаларға ерекше назар аударып, адамдарды сатудың алдын алу және онымен күресу» және «адам құқықтарын толық құрметтей отырып, осындай сауда құрбандарын қорғау және оларға көмек көрсетуден» (2-бап) тұрады.

Қазіргі уақытта елдің ерікті түрде іске асатын әйелдер мен балаларды отанына қайтару туралы шешімді қабылдауды дайындау кезіне назар салынуда (8-бап). Ел аралық зерттеулер жүргізген, Әйел саудасына қарсы Коалиция мен Еуропалық әйелдер лоббиінің мамандары жастан кіші адамдарды жезөкшелікке қолданған жағдайда «оларды әрдайым отбасының бір мүшесі, оларды сексуалдық қанауға ұшырататын жағдайға орналастыра немесе сата отырып алып келеді» деген қорытындыға келді. Проблема өзінің отбасының бастамасымен немесе олардың қатысуымен сауда-саттықтың құрбаны болған әйелдер мен балаларға отанында баспанамен қамтамасыз ету қажеттігінде

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күрес БҰҰ Бас Ассамблеясының 48/104 Қарарымен 1993 жылғы 20 желтоқсанда жарияланған Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жою туралы декларациясына сәйкес әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жыныстық белгісі негізінде жасалған және әйелдерге дене, жыныстық немесе психологиялық залал келтіретін немесе жапа шектіретін кез келген зорлық-зомбылық іс-әрекеті, сондай-ақ осындай іс-әрекеттерді жасауға қоқан-лоққы көрсету, қоғамдық немесе жеке өмірінде болсын мәжбүрлеу немесе ерікті түрде бостандығынан айыру дегенді білдіреді. БҰҰ «гендерлік зорлық-зомбылық» терминін мұндай зорлық гендерлік теңсіздіктен шығатынын және заңдар, институционалдық және қоғамдық нормалар оған жол беретінін дәлелдеу үшін қолданады; гендерлік зорлық-зомбылық бұл тек қана гендерлік теңсіздіктің көрінуі емес, ол көбінесе гендерлік теңсіздіктің нығаюына мүмкіндік туғызады. Гендерге негізделген зорлық-зомбылық – бұл бір жыныс өкілінің қарама-қарсы жыныс өкіліне қарсы қолданатын зорлық-зомбылығы.

Зорлықтың бұл түрі әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздікті көрсетеді және нығайтады, сондай-ақ зардап шегушінің денсаулығына, абыройына, қауіпсіздігі мен бостандығына зиян тигізеді. Ол адам құқығы бұзылуының кең спектрін, балаларға сексуалдық зорлық көрсету, зорлау, үй зорлығы, сексуалдық дәмешілік, әйелдер мен қыздарды саудалау және жаман әдеттерді қоса алады. Бұл жағдайлар терең психологиялық зақым қалдырады, денсаулықты бұзады, әйелдердің репродуктивті және сексуалдық денсаулығын қоса алғандағы денсаулығын бұзады және кей кездері өліммен аяқталады. Гендерлік негіздегі зорлықтан (ГНЗ) зардап шегушілер туралы көп жалған стереотиптік нанымдар бар, ал шындығында кез келген әйел оның құрбаны болуы мүмкін. ГНЗ зардап шегушілері арасында байлар мен кедейлер, білімділер және сауатсыздар, тұрмыс құрғандар, жесірлер және ажырасқандар кездеседі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) ерте ме, кеш пе әрбір бесінші әйел ГНЗ құрбаны болатыны туралы баға берді (WHO, 1997). Басқа бағалау бойынша әйелдердің үштен бірі зорлықтың құрбаны болады. 2008 жылдың ақпан айында БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун дүние жүзінде әйелдер мен қыздарға қарсы зорлықты болдырмауға және тоқтатуға бағытталған күш салуға бірігуіне арналған көпжылдық науқанды күшейтті. [14] Науқан 2008-2015 жылдарға есептелген, сол арқылы Мыңжылдық декларациясында тұжырымдалған даму саласындағы мақсаттарға жетудің белгіленген мерзіміне орайластырылған.

Науқан үкіметті, азаматтық қоғамды, әйелдер ұйымдарын, жастарды, жеке секторды, БАҚ және БҰҰ-ның барлық жүйесін әйелдер мен қыздарға қарсы зорлықтың әлемдік пандемиясына қарсы күресте күш біріктіруге шақырады. Науқанның негізі ретінде халықаралық саяси-құқықтық қоры және осы мәселенің аясында шоғырланған, БҰҰ жүйесінің серіктері, үкіметтер мен ҰЕҰ тарапынан бастамалар санының көбеюі көрсетілген мықты қозғайтын күшті қолданады.

Отбасындағы зорлық-зомбылық (үй зорлығы) – интимді серіктесінің немесе отбасы мүшесі жасаған тәни, психологиялық, сексуалдық, сонымен қатар экономикалық зорлық. 2007 жылғы 8 наурызда БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун «Әйелдерге қарсы зорлықтың жүгенсіздігі барлық континентте де, барлық елдерде және қоғамның барлық тобында жалғасуда. Ол әйелдер, олардың отбасылары мен қоғам үшін тұтасымен ең ауыр зардабын тигізеді. Дегенмен мұндай зорлық

көпшілік қоғамда тыйым салынғанымен, шынайы өмірде оны көбінесе жасырады немесе оған бойсұнып көнеді» деген болатын. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күресте стратегияны анықтаған негізгі құжат халықтың артуы мен дамуы жөніндегі халықаралық конференцияның іс-әрекеттер бағдарламасы (Каир, 1994 жыл) болып табылады.

Қазақстанда әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың деректерін тоқтатуға арналған қажетті заңнамалық база құрылған. 2009 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» және «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» ҚР Заңдары қабылданды. Зорлық-зомбылық субъектілеріне әйелдер мен балаларға қарсы қылмыс пен заң бұзушылық үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Сонымен бірге, Қазақстанның денсаулық сақтау секторындағы гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы жауап іс-шараларды күшейтуге бағытталған.

Осылайша, адам саудасы халықаралық қауымдастықпен бірауыздан жеке тұлғаға қарсы ауыр, трансұлттық қылмыс ретінде мойындалды. Барлық дерлік халықаралық-нормативтік құжаттар қарастырылып отырған қылмысты жасағаны үшін «қатал» жазаны ұлттық қылмыстық заңнамаға енгізуді мақсат етеді.

Жаңа заманда халықаралық-құқықтық құжаттардың санының ауқымды болғанына қарамастан, адам саудасы мәселесі осы уақытқа дейін шешімін тапқан жоқ. Аталмыш құбылыс түрленген қалпында кездеседі және өкінішке орай барлық әлемге таралып үлгерген.

Зерттеу ұсынысы: Қылмыстық жауапкершілікті күшейту мақсатында адам және кәмелетке толмағандардың саудасымен байланысты қылмыстарды жасаған адамдарға ескіру мерзімін қолданбау туралы заңнамалық белгілеуді ұсынамыз. Дәл осы ұсыныммен жүз пайыз келісуга болады, яғни қылмыстық саясатты ізгілендерген (гуманизация) орынды, алайда адам саудасына қатысты қылмыстарға жауаптылықты неғұрлым қатайтқан дұрыс.

Сондықтан қорыта келе адам саудасының құрбандарын көзіміз шалса, қам-қарекетсіз қалмайық, «адам саудасы» дертінің «сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды «жүйелі емдеуді» жүзеге асырайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Джесси Рассел., Торговля людьми/ Джесси Рассел. -М: Bookvika, 2012.-184 с.
2. Кислова Е.А. Борьба с рабством и работорговлей в международном праве // Российский следователь. – 2015. – № 10. – С. 42-45.
3. Наумов А.В. Международное уголовное право/А.В. Наумов. -М.: Юрайт, 1999.-368 с.
4. Беляева Л.И., Кулакова Н.Г. Торговля несовершеннолетними и меры борьбы с ней/ Л.И. Беляева. -М.: 2011. – 430 с.
5. Мизулина Е.Б. Торговля людьми и рабство в России. Международно-правовой аспект./ Е.Б. Мизулина -М.: Юристь, 2016. – 265 с.
6. Галенская Л.Н. Международная борьба с преступностью.-М.: Междунар. отношения, 2012. – 314 с.
7. Пчелинцев Е.С. Правовые вопросы экономического и социального сотрудничества государств по материалам Лиги Наций/ Е.С. Пчелинцев. -М.: 2015. - 298 с.
8. Игнатенко Г.В., О.И. Тиунов. Международное право/ Г.В. Игнатенко. -М.: 2016.- 276 с.
9. Блатова Н.Т. Международное право в документах/ Н.Т. Блатова. -М.:2013. 256 с.
10. Абукирова Н.И. Противодействие торговле людьми/ Н.И. Абукирова. -М.: 2012. - 366 с.
11. Құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен әдет-ғұрыптарды жою туралы қосымша Конвенция. - Женева,1956.
12. Международно-правовые механизмы противодействия торговле людьми и незаконной трудовой миграции, Евразийский юридический журнал № 4 (47) 2012. – С. 32-36.
13. Ратов И. «Торговля людьми в ЕС» Политическое образование. - 2016. 10-13 С.
14. Всемирный доклад о торговле людьми Управления ООН по наркотикам и преступности. – URL: <http://www.unodc.org/documents/human-trafficking>(дата обращения: 2017)

Г.Б. Қаржасова

Қарағандық экономикалық университет Қазпотребсоюзы, Қарағанда, Қазақстан

Особенности совершенствования законодательства, регулирующего деятельность, связанную с торговлей людьми и ответственность за торговлю людьми

Аннотация. В статье рассматриваются этапы торговли людьми и особенности законодательства, регулирующего ответственность за торговлю людьми.

Данный вопрос остается актуальным, так как международная торговля людьми имеет место быть не только в плохо развитых, неразвитых странах, но и в других. Совершенствование законодательства о качестве борьбы с торговлей людьми и уголовно-правовое регулирование преступлений, связанных с торговлей людьми, имеют особое значение. В контексте этой темы будут обсуждаться обстоятельства, связанные с запретом на использование юридического бюллетеня по правам человека, связанного с торговлей людьми.

Ключевые слова. Торговля людьми, рабство и рабское рабство, эпилепсия, права и свободы человека, международное сообщество, национальное меньшинство, юридическая реплика, транснациональная преступность.

G.B. Karzhassova

Karaganda economic University of Kazpotrebsoyuz, Karaghandy, Kazakhstan

Features of improvement of legislation regulating activities related to human trafficking and responsibility for human trafficking

Abstract. The article considers the stages of human trafficking and the particular legislation governing liability for this type of trafficking.

This question remains relevant as the international trafficking takes place not only in the less developed, underdeveloped countries, but also in others. The improvement of the legislation on anti-trafficking and criminal-legal regulation of crimes related to human trafficking are very important. In the context of this topic will discuss the circumstances related to the prohibition of the use of the legal Bulletin on human rights associated with human trafficking.

Key words. Human trafficking, slavery and slave slavery, epilepsy, the rights and freedoms of man, the international community, minority, legal replica and transnational crime

References

1. Djessi` Rassel Torgovlia liydmi [Trafficking in persons] (Moscow, Bookvika, 2012).
2. Kislova E.A. Bor`ba s rabstvom i` rabotorgovlei` v mejdynarodnom prave, Rossi`i`ki` sledovatel` [Combat slavery and the slave trade in international law] Russian investigator. (10), 42-45 (2015). [in Russian]
3. Naymov A.B. Mejdy`narodnoe y`golovnoe parvo [international criminal law] (Moscow, 1999).
4. Beliaeva L.I., Kylakova N.G. Torgovlia nesovers`ennoletnimi I mery bor`by` s nei [Trafficking in minors and measures of combating] (Moscow, 2011).
5. Mi`zy`li`na E.B. Torgovlia li`ydmi` i` rabstvo v Rossi`i`. Mejdy`narodnoi`-pravovoi` aspect [Trafficking in persons and slavery in Russia. an international legal standpoint] (Moscow, 2016).
6. Galenskai`a L.N. Mejdy`narodno`a bor`ba s prestypnost`iy [international police crime-combating] (Moscow, 2012).
7. Pc`eli`ncev.E.S. Pravovi`e vaprosi` ekonomi`ceskogo i` soci`al`nogo sotrydnicestva gosydarstv po materi`alam Li`gi` Naci`i` [«Legal issues of economical and social cooperation of States by materials of League of Nations] (Moscow, 2015).
8. Gnatenko G.V. O.I` .Ti`y` nov. Mejdy`narodnoe pravo [International law] (Moscow, 2016).
9. Blatova N.T. . Mejdy`narodnoe pravo v doky`mentah [International law in documents] (Moscow, 2013).
10. Aby`bakirov .N.I` .Proti`vadei`stvie torgovle liydmi [combating trafficking in persons] (Moscow, 2012).
11. Quldyqy qyl say`dasyn ja`ne quldyqqa uqsas i`nsti`ty`ttar men a`det-g`uryptardy joi`y ty`raly kosyms`a konvenci`a [Supplementary Convention on slavery and slavery kind of institutions, and destruction of traditions] (Geneva, 1956).
12. Mejdy`narodno- pravovye mehani`zmy protivodei`svi`e Torgovlie li`ydmi` i` nezakonnoi` try`davo`i` mi`graci`i`, Evrazi`i`ski` iyridi`ceski`i` jy`rnal [International-law mechanisms of combating human trafficking и illegal labour migration, Eurasian law journal, 4 (47) 32-36. (2012).
13. Ratov I.Torgovlia liydmi v ES. Poli`ti`ceskoe obrazovani`e,(2016).[«Human trafficking in EU». Political education, 10-13 (2016). [in Russian]
14. Vsemi`rnyi` doklad o torgovle li`ydmi Y`pravleni`e OON po narkotikam i` presty`pnosti`. Available at: <http://>

[www.unodc.org/ documents/human-trafficking./](http://www.unodc.org/documents/human-trafficking/)[Global Report on Trafficking in Persons United Nations Office on Drugs and Crime. http://www.unodc.org/documents/human-trafficking] (accessed 2017)

Автор туралы мәлімет:

Қаржасова Г.Б. – PhD докторы, Жалпықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасының доценті Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Академическая 9 көшесі, Қарағанды, Қазақстан.

Karzhassova G.B. – Doctor of philosophical Sciences, associate Professor of law and special disciplines, Karaganda economic University of Kazpotrebooyuz, Akademicheskaya 9th street, Karaghandy, Kazakhstan.

Қылмыстық-процессуалдық құқық
Criminal procedural law
Уголовно-процессуальное право



МРНТИ 10.79.21

А.Н. Ахпанов¹, А.Л. Хан²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

²Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова,
Караганда, Казахстан

(E-mail: ¹ahpanov_a@mail.ru, ²kaforp@mail.ru)

Особенности допроса подозреваемого в казахстанском уголовном процессе

Аннотация. Авторами статьи исследован вопрос об особенностях допроса подозреваемого, как одного из значимых участников досудебного расследования в уголовном процессе Республики Казахстан. В частности, обозначена проблема соблюдения гарантий прав личности в досудебных стадиях при реализации подозреваемым своего основного права – права на защиту от предъявленного подозрения. Анализ соответствующих норм Уголовно-процессуального кодекса РК показывает, что законодатель, в отличие от процессуальной формы гарантий правосудия, не устанавливает однозначного предписания относительно последовательности и количества допросов подозреваемого в каждом случае установления его процессуального статуса. Дается конструктивно-критическая оценка прикладному толкованию права подозреваемого на защиту, обосновывается необходимость теоретического толкования норм права применительно к рассматриваемой проблеме. Вносится предложение об упорядочении и однозначном понимании конституционного права на защиту от подозрения (обвинения) путем дачи подозреваемым показаний на соответствующих этапах расследования. Проводится сравнительно-правовой анализ постановления о привлечении в качестве подозреваемого и постановления о квалификации деяний подозреваемого в зависимости от наступления правовых последствий для лица, в отношении которого они вынесены. Предлагается разграничить по видам допрос подозреваемого в зависимости от начального или окончательного подозрения.

Ключевые слова. Уголовный процесс, показания, гарантии, процессуальный статус, подозреваемый, подозрение, квалификация деяний, постановление, допрос, право на защиту.

С принятием УПК РК 2014 года изменился общетеоретический подход к структурному построению расположенных в нем некоторых судостроительных процедур. В частности, прослеживается отказ от их пошаговой, детальной регламентации и переход от общих положений к особенностям их производства как в отношении отдельных институтов, так и отдельных процессуальных действий.

Например, производство предварительного следствия и дознания рассматривается не в отдельных главах (как это предусматривалось ранее – гл. 24 и гл. 37 УПК РК 1997 года), а в рамках общих условий досудебного расследования (гл. 24 УПК РК). Либо вместо отдельной нормы «допрос подозреваемого» (ст. 216 УПК РК 1997 года) – только особенности допроса подозреваемого (ст. 216 УПК РК 2014 года). Тем самым законодатель идет по пути упрощения процессуальных форм за счет сокращения процессуальной регламентации сходных процедур бланкетного характера, что, в конечном итоге, способствует быстроте процесса расследования.

С другой стороны, при общей обвинительной направленности уголовного процесса (доказанность обвинения лежит в основе любого итогового решения), наблюдается тенденция к снижению репрессивности уголовно-процессуальных процедур с одновременным увеличением правоспособности их участников.

Подобное положение ставит законодателя в двойственное положение: необходимо предусмотреть

процедуры, которые были бы способны учитывать и публичный интерес государства, направленный на предотвращение преступности, и частный интерес конкретного гражданина, направленный на максимальное соблюдение его прав и свобод и ограждение его от произвола или пристрастия со стороны органов уголовного преследования и суда. Этим, на наш взгляд, обусловлено отделение обвинительной (исполнительной) власти от судебной: когда досудебное расследование отдано полиции, а разрешение дела – суду. С учетом разделения властей, значение письменности производства значительно возрастает, поскольку только письменные документы могут служить гарантией законности и обоснованности принятого решения и обеспечения всех прав и свобод, вовлеченных в уголовный процесс участников, в последующих его стадиях.

Между тем в правоприменительной практике прослеживается устойчивая тенденция к сокращению письменных процедур, поскольку это якобы влечет к уменьшению его бюрократизации. Полагаем, что это не так. Отсутствие в нормах закона указаний на обязательность вынесения постановлений или производства следственных действий еще не означает их ненужности. Рассмотрим это на примере одного из основных, активных участников досудебного расследования – подозреваемого.

Появление указанного участника закон связывает либо с принятием решения об установлении его статуса, либо с установлением квалификации его деяния, либо с его задержанием, либо с его допросом в отношении совершенного им уголовного проступка (ч. 1 ст. 64 УПК РК). Лицо теряет статус подозреваемого в связи с необоснованностью подозрения или в связи с приобретением статуса обвиняемого (чч. 7, 8 ст. 64 УПК РК).

Такая предельная формализация начала и окончания пребывания подозреваемого в указанном статусе обусловлена письменностью процесса, как одной из гарантий правосудия. В противном случае, в последующем, противоположная сторона защиты может использовать подобное упущение как основание для оценки проведенного действия в качестве недопустимого, вследствие существенного ограничения процессуальных прав подозреваемого путем несоблюдения предусмотренной законом процессуальной формы.

С другой стороны, законодатель проявляет непоследовательность в отношении другой гарантии - соблюдения прав личности, о чем свидетельствует отсутствие в законе императива об обязательности его допроса в каждом случае приобретения им статуса подозреваемого. Между тем значение допроса подозреваемого определяется двойственной процессуальной природой его показаний. Во-первых, это самостоятельный источник доказательств (ч. 2 ст. 111 УПК РК), а во-вторых, он выступает как наиболее доступная форма защиты от подозрения, позволяющая изложить имеющиеся у него доводы [1, 609].

Между тем в практической деятельности отношение к допросу подозреваемого неоднозначно. Проведенный нами опрос на территории Карагандинской области и города Астаны представителей органов, ведущих уголовный процесс (50 следователей, 35 дознавателей, 25 процессуальных прокуроров, 20 судей) и 30 представителей адвокатуры, а также изучение действующих (50) и архивных уголовных дел (30) показал, что вопрос о последовательности и количестве допросов после установления статуса подозреваемого отдан на откуп самого правоприменителя.

Анализ полученных результатов показывает, что этой проблеме не придается должного значения и правоприменитель действует по своему усмотрению, порою ограничиваясь лишь одним допросом: либо после задержания подозреваемого, либо после вынесения постановления о квалификации деяния подозреваемого.

Основной аргумент опрошенных, в том, что в законе не прописана обязательность допроса после вынесения постановления о признании подозреваемым (в отличие от допроса после задержания – ч. 3 ст. 64 и ч. 1 ст. 131 УПК РК), а есть только общие процедуры, регламентирующие обязанность его допроса (чч. 5, 6 ст. 64 УПК РК) и его особенности (ст. 216 УПК РК), предусматривающие императив об обязательности выяснения отношения подозреваемого к предъявленному подозрению (признает или не признает свою вину).

Тем самым отсутствие допроса после вынесения постановления о признании подозреваемым не рассматривается контролирующими, надзирающими или разрешающими органами как существенное нарушение уголовного процесса, требующее немедленного реагирования. Помимо этого практики исходят из законодательной установки проведения всех следственных действий, подтверждающих подозрение перед задержанием (ч. 3 ст. 128) и, в этой связи, необходимостью вынесения постановления о квалификации деяния до начала первого допроса.

Однако при этом не принимается в расчет то, что постановление о признании лица подозреваемым и постановление о квалификации его деяний имеют различные юридические последствия:

- после вынесения постановления о признании подозреваемым (начальное подозрение) лицо может защищаться от подозрения всеми доступными способами, обусловленными неограниченностью подозрения, которые могут привести к отказу от него и переходом в другой процессуальный статус или вообще, к прекращению пребывания в статусе участника расследования;

- после вынесения постановления о квалификации деяния подозреваемого (окончательное подозрение) к лицу может быть применена мера пресечения, включая и содержанием под стражей, а в случае доказанности подозрения - он приобретает статус обвиняемого с последующим переходом в статус подсудимого, осужденного или оправданного, влекущим постановку обвинительного или оправдательного приговора).

В результате приходим к выводу о том, что проведение допроса подозреваемого - это обязательное условие, возникающее как после начального, так и окончательного подозрения, обеспечивающее ему реализацию его права на защиту путем дачи или отказа от дачи показаний.

В первом случае допрашиваемому после установления его личности и разъяснения принадлежащих ему прав, объявляется в чем он подозревается, а затем предлагается изложить свою позицию в отношении выдвинутого подозрения, а во втором случае - выясняется, согласен ли он с квалификацией его деяния (признает или не признает свою вину), а затем предлагается подтвердить или защищаться от инкриминируемого ему деяния.

Поэтому полагаем, что право подозреваемого дать показания по поводу имеющегося против него подозрения (ч. 5 ст. 64 УПК РК) относится к начальному подозрению (задержание, вынесение постановления о признании подозреваемым), а выяснение его отношения к инкриминируемому деянию (признает ли он себя виновным: полностью, частично или не признает) – к окончательному подозрению (ч. 2 ст. 216 УПК РК).

При ином толковании закона, проведение одного допроса подозреваемого вместо двух, должно однозначно рассматриваться как нарушение уголовно-процессуальной формы доказывания, влекущее существенное ущемление прав и свобод подозреваемого.

Помимо процедурных особенностей (ст.ст. 64, 212 УПК РК), требует разрешения и вопрос, к какому виду нужно относить допрос после вынесения постановления о квалификации деяния подозреваемого: к дополнительному (чч. 1, 2 ст. 211 УПК РК) или повторному (ч. 3 ст. 211 УПК РК).

Исходя из предписаний закона, дополнительный допрос проводится в случае неполноты проведенного следственного действия, а повторный – в случае сомнения в достоверности или допустимости содержания проведенного следственного действия.

Полагаем, что оба критерия разграничения допроса не отражают сущности получения показаний по поводу инкриминируемого деяния, поскольку, во-первых, он ограничен объемом подозрения и не может выходить за его рамки (если, конечно, сам подозреваемый не изъявит такого желания), а во-вторых, он может не противоречить первоначальным показаниям, достоверность которых не подвергается сомнению.

